

Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі елді мекендерінің шекараларын белгілеу туралы

Павлодар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 330/8 бірлескен қаулысы және Павлодар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 10 тамыздағы № 6/56 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 тамызда № 7382-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 1, 5 - тармақтарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының пікірін ескере отырып, Павлодар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Павлодар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі елді мекендері шекараларының жалпы ауданы 5031 гектар болып белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Қ. Сейітқазинаға және аудандық мәслихаттың агроөнеркәсіптік кешен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы Павлодар ауданы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Павлодар аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар ауданының әкімі

Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы

Н. Дычко

Ж. Шугаев